

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аташ Б.М., Танжаров М.И. Көне түркі-түркі-қазақ даласындағы шаманизмнің генезисі мен эволюциясы: тарихи-танымдық бағдарлар
2. Агопов Г.В. Шаманизм в XXI веке: фигура шамана в обществе / Вестник Исторического общества Санкт-Петербургской Духовной Академии, 2020. - №1 (4). - С. 254-263.
3. Омарова Г.Н. Бақсылық және магиялық-сұрыптық фольклор тарихи-мәдени ретроспекция тұрғысынан (қобыз және бақсы сарындары бойынша)
4. Бахтикиреева У.М., Темиргазина З.К. Многоликий Феникс: вопросы витальности шаманизма у тюркских народов
5. Досмурзинов Р.К. Шаманские практики в системе верований казахов и тувинцев (1920-1960-е гг.): сравнительный анализ
6. Дарханова А.И. Современные тенденции в центрально-азиатском шаманизме//А.И.Дарханова//Вестник Бурятского государственного университета.-Сер.История.-2010.Вып, 7.-С.118-121.

### **XIX ғ. II ж. - XX ғ. I ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҒАРТУ ІСІ: ЖӘДИДИЗМ МЫСАЛЫНДА**

**Канатова Б.Е.**

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Бөдеев Қ.Т.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті  
[honh9764@gmail.com](mailto:honh9764@gmail.com)  
Қарағанды қ.

XIX ғ. II ж.- XX ғ. I ж. ағартушылық реформалар қазақ қоғамының рухани, мәдени және қазіргі білім беру жүйесінің қалыптасуына елеулі әсер етті. Бұл уақытта Ресей империясының отарлық әкімшілігі мұсылман мектептері мен медреселердің қызметін қатаң бақылауға алғанымен, қоғамдағы ішкі рухани сұраныстардың күшеюі білім берудің жаңа нысандарының қалыптасуына негіз қалады. Діндарлар таратқан құран, иман және адамгершілік қағидаларына сүйенген ілімдер қоғамдық тұрақтылық пен мәдени сабақтастықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар жаңаша оқыту әдістері халықтың сауаттылық деңгейін арттырып, ұлттық сананың жаңғыру процесін жеделдетті.

Қазіргі жаһандану жағдайында қоғамдағы діни сауатсыздықтың артуы, радикалды және экстремистік көзқарастардың таралуы тарихи-мәдени мұраны қайта саралаудың маңыздылығын күшейтіп отыр. Қазақ даласындағы дәстүрлі діни білім беру институттарының - медреселердің, итинерациялық молдалар жүйесі мен жәдид мектептерінің қызметін ғылыми тұрғыдан зерделеу осы контексте ерекше маңызға ие. Тақырыптың өзектілігі - зерттеліп отырған кезеңдегі медреселерде исламның гуманистік мазмұны, бейбітшілікке, адамгершілікке және қоғамдық келісімге үндейтін ілімдердің оқытылуы қоғамдағы рухани тұрақтылықтың маңызды факторларының бірі болғанын айқын көрсетуінде. Діни және ағартушылық білім беру мекемелері мен империялық әкімшілік арасындағы өзара әрекет ұлттық өзгешелікті қалыптастырудағы негізгі кілт болып табылады. Бұл процесс тарихи мұраны қайта қарастыру жөніндегі қазіргі заманғы ғылыми дискурста жоғары деңгейде өзекті болып отыр. Осы контексте мұсылмандық білім беру жүйесін зерттеу қазақ халқының сауаттылығы, интеллектуалды дамуы және мәдени тәжірибелеріне тигізген ықпалын тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар үстем саяси және мәдени күштерге қарсы жергілікті дәстүрлерді сақтау ордасы ретінде олардың функциясын айқындауға мүмкіндік береді.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ қоғамының ағарту ісінің жағдайын талдау барысында жәдидизм қозғалысының қалыптасуы мен оның Қазақстанға таралу ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ патша үкіметінің мұсылмандық мектептер мен медреселерге қатысты саясатының ағартушылық процестерге әсерін бағалау, кезеңдердегі білім беру бағдарламаларын өзара салыстыру зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттері болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың әлсіреуі, капиталистік элементтердің күшеюі, тауар-ақша қатынастарының және отырықшылық-егіншіліктің дамуы әлеуметтік-экономикалық құрылымның жаңаруына алып келіп, ағартушылық қозғалыстардың өрістеуіне алғышарт жасады [1, 501-502 б].

XIX ғ. II ж. болыстар мен ауылдардағы қазақ балалары әдетте мұсылман мектептері мен медреселерде оқыды. Сонымен қатар отаршылдық әкімшіліктің Қазақстанның байырғы гимназиялық білім алуы саяси зиянды деп тануы- күмәнсіз факт. Ол аймақта еуропалық үлгідегі ұлттық жалпы орта білім беретін оқу орындарының болмауынан көрінді. Соның салдарынан қазақтар өз балаларын орыс орта оқу орындарына беруге мәжбүр болған [2, 525 б]. Қазақ балалары жаздыгүні киіз үйлерде, ал қыстыгүні жертөлелерде оқытылатын. Медреселер әдетте тұрақты тұрғындары және мешіттері бар белгілі бір мекендерде орналасты. Бұл кезеңде оқу құралы «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» болды. Құран оқумен бірге, татар және араб тілдеріндегі кітаптар бойынша исламның негізгі қағидалары мен басты ғұрыптық ережелері оқытылды. Олардың арасынан мыналарды тізіп келтіруге болады: «Бадауам», «Ақырзаман», «Фазаил-уш-шухур», «Истуани», «Қырық хадис», «Фихка-Каидани», «Әптиек», «Софы-Аллаяр», «Чар-Китаб» [3, 84 б].

Жәдидизмнің пайда болуының бірнеше себептерін ең бастысы- ислам өркениетінің сол дәуірдегі дағдарысқа ұшырап, құлдырауы болып табылады. Олардың қызметі исламда орын алған тоғышарлыққа, догматизмге, фанатизмге және дүмше-молдалыққа қарсы бағытталды [4, 74 б].

Түркістан өлкесін Ресейдің жаулап алушылық саясатынан кейін Орталық Азия элиталарының алдында тұрған айқын сұрақ - Ресей билігіне қалай жауап беру керек деген мәселе болды. Ақсүйектер тобы бұл сұраққа жауап беріп үлгермей жатып әлсіреп қалды. Бірақ екі басқа элита тобы - ғұламалар (улема) және «жәдидтер» деп аталған жартылай зайырлы жаңа зиялылар - бұл мәселеге түбегейлі екі түрлі жауап ұсынды. Улема, мәні бойынша, өз ұстанымын қорғап, дәстүрге бекем берілуді жөн көрді. Ал жәдидтер, керісінше, дәстүр деп келгеннің көп бөлігін қайта қарауды, Ресей мен батыстан келген «ғылым», «өркендеу» идеяларын қабылдауды және Орталық Азиядағы исламды кеңінен «демократияландыруды» талап етті. Олардың мақсаты - Түркістан мұсылмандары үшін жаңа ұлт қалыптастырудың негізін жасау еді [5, 298 б].

С. Мұқанов ескі және жаңа оқыту әдістерінің айырмашылығын былай түсіндіреді: «Өткен ғасырдың ортасынан бастап ислам әлемінде «Жәдид» деп аталатын білім беру бағыты пайда болды. Жәдид пен Кадим ілімдерінің айырмашылығы мынада: Кадим тек діни ілімді ғана үйретсе, Жәдид дінді қолдап, ғылымды жалғастырады. Сонымен бірге толық теңдік сақтай отырып «дүниелік» және «ештеңе жөніндегі» мәселелерін зерттейді. «Қадам бойынша оқу» бөлімінде сипатталған дауыстап оқу әдісінде әр дыбысты ғылыми белгімен таниды. Жәдид әдісі бойынша балаларға араб және парсы тілдері үйретіледі. Білім ана тілінде жүргізіледі. Араб және парсы тілдерінің грамматикасы, дурсо-ашифахасан (анотология) Жәдид әдісі бойынша жазылған және сауатты бала оны өз ұлтының тілінде өз бетінше үйрене алады» [6, 75-76 б].

Медреселерде жәдидтер Исламның негізгі дереккөздеріне назар аударуды, ал пікірлер мен түсіндірмелерге тым көп көңіл бөлмеуді қажет деп санады. Дегенмен, олар Исламды оқу жоспарының басқа пәндерінен бөліп көрсетті. Егер ескі жүйеде дін барлық пәндерді қамтитын болса, жаңа әдістемелі мектептерде ол басқа пәндермен қатар жеке пән ретінде қарастырылды [7].

Ескі жүйеде туған тілдер оқыту курстары болғанымен, олар оқушыға араб тілін салыстырмалы түрде түсіну негізін бермеді, мұғалімдері барлық араб грамматикасын меңгергеніне қарамастан, тілде еркін сөйлей алмаған. Оқулықтарда діни рәсімдер мен сенім мәселелері қамтылғанымен, олар парсы тілінде жазылғандықтан балаларға түсіну қиын болды. Сол себепті, ана тілінде оқу құралдарын қолдану қажеттілігі туындады [8, 132 б]. Жәдидтер балаларға тек туған тілінде оқытудың тиімділігін қолдады [9].

Ескі жүйеде экономикалық және мәдени өсім үшін қажет секулярлық пәндерге (медицина) жол бермейтін кедергілер туындады. Ал жаңа әдіс мектебі заманауи пәндерді оқытуды қажет деп санап, оны енгізді. Дәстүрлі исламдық білім беру мұсылман елдерінің ғылыми әрі экономикалық дамуына үлес қоса алмайтын. Ал жәдидтер зайырлы пәндерге ерекше мән берді. Өйткені ол пәндерсіз материалдық тұрғыда өркендеу, экономикалық жетістікке жету, тіпті кеңестік биліктен босану да мүмкін емес деп санады. Осылайша, жәдидтер мектеп жүйесін реформаламаса және діни мәтіндерді заман талабына сай интерпретацияламаса, Орталық Азия елдері артта қалып, дамыған елдерге тәуелді болатынын дәлелдеді [8, 133-137 б].

Татар идеологтарының Қазақстандағы жәдидизм қозғалысының қалыптасуы мен қайта жандануына айтарлықтай ықпалы болды. Татар интеллигенциясының өкілдері Қазақ газеттерінде мақалалар жариялап, мұсылман білімін жаңаша оқыту, дұрыс еңбектерді іріктеу және олардың идеяларын насихаттау мәселелерін көтерді.

Қазақ жерінде жәдидизм жолын ұстанған алғашқы оқу орны - 1883 жылы Верный қаласындағы татар мешітінің жанында ашылған И. Габдулвалиев медресесі болды. Бұл медресе 1904 жылы жәдидтік үлгіде қайта ұйымдастырылды. Медресенің басшысы - Троицк медресесінде білім алған, Уфа

губерниясынан шыққан татар азаматы А. Сагадиев еді. Медресенің мұғалімінің барлығы дерлік Ресейдің ішкі губернияларында мұсылманша білім алған. Верныйдағы медресе алты жылдық білім берді. Әр оқу жылында шәкірттер саны 124-тен 136-ға дейін жеткен. Медресе шәкірттерінің жартысынан көбі татарлар, қалғаны қазақ, қырғыз және ұйғыр балалары болды. 1906 жылғы “Улфат” газетінде Верный қаласындағы жәдидтік қыздар мектебінің табысты жұмыс істеп жатқаны туралы хабарланды. Бұл мектеп 1883 жылы мұсылман қыздарына арналған көне үлгідегі оқу орны ретінде ашылған. Ал 1904 жылы жәдидтік, яғни жаңа оқыту әдісіне ауыстырылған. Қыздарды алты жыл оқытатын бұл мектептің басшысы - татар әйел Г. Дәулеткамова болды. Мектептің екі мұғалімі - М. Джакупова мен М. Сагадиева Уфадағы “Ғалия” медресесін бітірген. Верныйдағы қыздар (әйелдер) мектебінде әр жылы 90 қыз оқыған. Оның ішінде 60 татар, 18 қазақ, 9 өзбек және 3 ұйғыр қызы болған. Кей жылдары бұл көрсеткіштер өзгеріп, оқушылар саны 100-ге дейін жеткен. XX ғасырдың басында «Тәржіман» газеті мен «Ульфат», «Вақыт» сияқты татар басылымдары мұсылман қауымы арасындағы жәдид мектептерінің көбеюін жиі хабарлап отырды [10, 32-33 б]. Мысалы, «Вақыт» басылымында Стерлибаш медресесінің кітапханасында 200-300, тіпті 500 жыл бұрын жазылған кітаптар сақталған. Бірнеше онжылдықтың ішінде шамамен 150 қазақ білім алған делінген [11, 3-4 б]. Бұл шынымен ағартушылық газеті болды. Оқырмандарға әртүрлі тақырыптар жөнінде мәлімет беріп, негізінен дидактикалық стильде жазылды. Газет материалдық прогресті насихаттап, оны сауаттылықтың артуымен байланыстырды.

Кейін жәдид мектептерінің саны жыл сайын көбейіп, тек Түркістан өңірінде 1905 жылы олардың саны 35-ке жеткен [12, 97 б]. Уфа қаласындағы «Хұсайния», Орынбордағы «Мұхаммедия», Қазан қаласындағы «Расулие» медреселері Жәдид мектептері үшін мамандар даярлауда маңызды рөл атқарды. Мысалы, жоғарыда айтылған Верный қаласындағы медреседе математика, физика және география пәндерін оқытқан Уфа губерниясынан шыққан Ш. Жақыпов Расулие медресесінде оқыған, ал тарих пен Құран пәндерінің оқытушысы Троицк медресесінде білім алған [10, 30 б].

XIX ғасырдың соңындағы статистикалық деректер мұсылман мектептерінің Түркістандағы білім беру жүйесіндегі маңыздылығын растайды. 1886 жылы Жетісу өңірінде 144 мұсылман мектебі жұмыс істеп, онда 3 340 ұл және 1 504 қыз оқыған. Жетісудағы мұсылман қыздарға арналған жәдид мектептері Жаркент және Қапал қалаларында да жұмыс істеген. Үш жылдық білім беретін Қапал мектебіне әр оқу жылында 65 қызға дейін қабылданғаны жайлы деректер кездеседі [10, 33 б].

1888 жылы Түркістан генерал-губернаторы Н.О. Розенбах Қоғамдық білім министріне жазған хатында өңірде шамамен 49 000 мұсылман баласы оқитын 206 медресе, 1 660 мектеп және 4 000 мұғалім бар екенін хабарлады [12, 448 б]. 1882 жылғы толық емес деректерге сәйкес Жетісу өңірінде итинерациялық молдалар жүйесі айқын көрініп, шамамен 281 молда тіркелген. Татар молдалары 4608 қазақ және қырғыз баланы оқытты делінген. Мұсылман мектептеріндегі оқушылар саны ресейлік және орыс-тұран мектептеріндегі оқушылар санынан асып түсті, бұл исламдық білім берудің өзектілігін көрсетеді. Алайда көптеген мектептер қаржылық қиындықтарға тап болды, себебі қорлар шектеулі болды және вақф жүйесі жойылды. Ұзақ мерзімді перспективада патша әкімшілігінің саясаты өңірдегі мұсылман халықтарының білім беру ортасын әлсіретті, бұл олардың мәдени және діни дамуына қатты әсерін тигізді [13, 450].

1913 жылы «Ғалия» медресесінде шамамен 50-ге жуық қазақ жастары оқыды. Мұнда шамамен 30 пән оқытылып, Орталық Азия, Қазақстан, Солтүстік Кавказ медреселеріне оқытушылар даярланды. Бұл медресе Қазақстан өңірінің халықтары арасында кеңінен танымал болды. Сондықтан болар, М. Дулатов өзінің «Медресе Ғалия» атты мақаласында былай деп жазды: «Медресе Ғалияны естімеген қазақ жоқ, он жыл бойы бүкіл қазақ даласынан барған шәкірттер «Ғалияда» оқыды. Бүгінгі қазақтар арасындағы ең жақсы мұғалімдердің көпшілігі бұл медресені «Ғалияның жемісі» деп жазған» [14, 174 б].

Атап айтқанда, «Ғалия» медресесінің ең танымал түлектерінің бірі- ұлы Абайдың шәкірті Т. Жомартбаев. Ол ұстаз әрі жазушы ретінде Абайдың шығармалары арқылы қазақ поэзиясы мен руханиятына елеулі ықпал етті. Өзінің «Балаларға жеміс» (1912), «Қыз көрелік» (1912) еңбектерімен танымал. Көптеген газеттердің редакторы болып, «Шұғаның белгісі» (1914) еңбегін жазған Б. Майлин де осы медреседе оқыған. Қазақ интеллигенциясының тағы бір өкілі- М. Жұмабаев, ол «Ғалияда» білім алып, қазақ әдебиетіне зор үлес қосып, 1917-1923 жылдары «Бостандық туы» мен «Ақ жол» газеттеріне қызмет етіп, Алаш партиясының қоғамдық істерінде белсенді рөл атқарды. Осы қатардағы ағартушы Б. Сулеев медресені аяқтағаннан кейін Жетісу өңірлерінде орта мектептерін, ал ауылдық мекендерде бастауыш мектептерін ашты (1918-1927). Кейін ол Семей педагогикалық институттың алғаш ректоры болып (1930), Қарақалпақ АССР-ның халық ағару ісінің комиссары болды [15, 1-3 б].

Жәдидтік мектептердегі оқу бағдарламалары негізінен діни-шоластық сипатта болды. Білім алу араб әліпбиінен және «Абжад» курсынан меңгеруден басталды, бұл курс әріп комбинацияларын мағыналық мазмұнсыз жаттауға арналған еді. Оқушылар кейіннен құранның үзінділерін оқу және шариғат негіздерін зерттеуге көшті. Кейбір мектептерде, әсіресе ірі орталықтарда, Науаи, Бедил, Фузули сияқты әйгілі түркі ақындарының шығармалары да оқытылды [16, 222 б]. Жәдидтік медреселердегі жаттау тәсілдері алмастырылып, араб әліппесін фонетикалық әдіспен үйретуді көздеді, яғни оқушыларға шынайы оқу дағдысын қалыптастыруды мақсат етті. Сонымен қатар, олар оқу жоспарын кеңейтіп, оқушыларды қазіргі заман талабына сай біліммен қамтамасыз етуді қалады, осылайша Орталық Азиядан тыс жерлерден келетін бәсекеге төтеп беруге мүмкіндік тудыруды көздеді. Арифметика, табиғи ғылымдар, тарих және география тұрақты пәндерге айналды, ал араб, парсы тілдері жүйелі түрде оқытылды [7].

Патша әкімшілігі исламдық білім беру ықпалын әлсірету мақсатында жаңа мектептер ашуға қатаң шектеулер қойып, орыс тілін міндетті түрде оқытуды талап етті. Кей жағдайларда бұл талапты орындамаған мектептер жабылды. Бұл мәселелер екі тілде білім бере алатын білікті мұғалімдердің жетіспеушілігімен ушықты. Дегенмен, мұсылман мектептері әсіресе тұрақты халық арасында негізгі білім беру мекемесі болып қала берді [13, 450 б].

Б. Бобровниковтың деректеріне сүйенсек, білім беру бағдарламасын қамтитын пәндер тізімі келесідей: түрік тілі мен әдебиеті, араб тілі мен әдебиеті, Ислам тарихы, математика, география, физика, ауыл шаруашылығы, гигиена, психология, логика, есеп жүргізу, әдістеме, каллиграфия, орыс тілі. Ең көп оқытылған зайырлы пән - орыс тілі болған: барлығы 68 сағат, аптасына 12 сағат. Бұл барлық пәндер арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Ислам тарихы аптасына бар болғаны 8 сағат оқытылғанымен, ол аса маңызды пән саналды. Жәдидтер ислам тарихын адамзат дамуының көрнекі эволюциялық тізбегі ретінде оқытқан: ерте заманнан бастап бүгінге дейін. Бұл жәдидтердің прогресс исламға қайшы емес екенін үйретуді мақсат еткенін білдіреді - пайғамбарлар ұсталық өнерді меңгерген, жаңа құралдар ойлап тапқан мысалдар арқылы. Сонымен қатар, пайғамбарлар туралы қиссаларды оқыту Ресей мектептерінің тәжірибесінен шабыт алып, жаңа әдіс ретінде мектептерінің бағдарламасына енген. Ресей мектептерінің оқу жоспарында әрдайым «қасиетті тарих» атты бөлім болған. Жәдидтер осы үлгіге сай өздерінің исламдық нұсқасын жасауға тырысты. Барлық діни қауымдастықтар өз балаларына өз пайғамбарларын, дәстүрлерін оқытады, оларға діни-адамгершілік бағыт береді [8, 135-139 б].

Бұл бағдарлама жәдидтердің жаңа әдіспен жүргізілетін ресми білімге, әсіресе діни пәндермен қатар зайырлы пәндерді енгізуге баса назар аударғанын көрсетеді. Бұл олардың Исламның Алтын Дәуіріне қайта оралуды көздегенін меңзейді, өйткені сол дәуір исламдық құндылықтарды сақтай отырып, модернизммен үйлескен және мектеп бағдарламасына реформалар енгізуді талап еткен [8, 137 б].

Қазақ зиялылары жәдид мектептерін қолдады. Олар осы бағыттағы оқулықтарында халықтың тіл мен әдебиетінің маңызын түсіндіруге тырысты. Жазудың жаңа стилін жасап, оның халық арасында кең таралуына ықпал етті. Осыған байланысты А. Байтұрсынов қазақ балаларына қазақ тілін үйрететін, әліппеден кейін мектепте оқытылатын пән ретінде қазақ тілін жүйелейтін «Тіл-құрал» оқулығын жарыққа шығарды. Бұл оқулықтың басылып шығуы қазақ мәдениеті үшін үлкен жаңалық болды. Ұлттық тілді оқытуға арналған алғашқы оқулық үш кітаптан тұрды. Фонетика, морфология, синтаксис туралы бұл кітаптар мұғалімдер мен оқушыларға арналып, «Қазақ тілін сақтаймыз, балаларды қазақ тілінде шыққан кітаптармен оқытамыз, әдебиетіміз шын мәнінде қазақша болсын» деген талаппен жарыққа шығарылды [17, 18 б].

Қазақ зиялылары орыс ғалымдары жасап шығарған халықтың мәдениеті, ғасырлар бойғы салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, тілі мен психологиялық ерекшеліктеріне сай келетін оқулықтар жүйесін зерттей отырып, өздерінің төл оқулықтарын дайындауға күш салды. Мұндай оқулықтарға М. Дулатовтың 1914 жылы Орынборда жарық көрген қазақ халқының өмірі мен мәдениетіне байланысты «Есеп құралы» және 1916 жылы шыққан, балаларға әңгіме оқудың мән-мағынасын түсіндіретін «Қирағат кітабы» жатады [17, 20 б].

1914 жылғы 8 қазандағы «Қазақ» газетінің 81-нөмірінде М. Дулатұлы жәдидтік қозғалыс, жаңа бағыттағы оқыту мәселесі және осы жәдидизм қозғалысының негізін қалаушы И. Гаспиринский туралы пікір білдірді. Ол былай деп жазады: «Реседен қайтып келген И. Гаспиринский мұсылман халықтарының мәдениетінің артта қалғанын көріп, оны білім беру ісінде көтеруге ұмтылды. Артта қалушылықты жоюда еуропалық ғылымды пайдалануға шақырды. Ол мынадай үш шараның жүзеге асырылуын жақтады: біріншіден, балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді жаңарту, Ресейдегі барлық мұсылман мектептерінде бірдей тәртіп орнату. Екіншіден, Ресейдегі түркі жұрттары арасында ортақ әдеби тіл қалыптастыру, медреселерде осы ортақ тілде еуропалық өнер мен білімді

оқыту. Үшіншіден, надандық салдарынан білім мен ілімнен айырылып қалуы мүмкін кедейлерге қамқорлық жасау, оларды өнер-білімнен мақрұм қалдырмау үшін «қайырымдылық қоғамдарын» және «жәрдем қоғамдарын» ашу». Осылайша М. Дулатұлы Исмағұлды (И. Гаспиринскийді) «түркі халқының ұлы ағартушысы, үлкен ұстазы, құрметті қариясы» деп бағалады [18, 193 б].

XX ғасырдың басында оқыту мен педагогикалық ойдың дамуына айрықша үлес қосқан Ғ. Қараш қоғамдық қайраткерлер қатарында да ерекше орын алады. 1908 жылы «Марджани» медресесін бітіріп, «Қарлығаш», «Тұмыш», «Бала тұлпар», «Өрнек» сияқты еңбектерін жарыққа шығарды. Оның мақалаларының басым бөлігі ағарту мәселелеріне арналды. Ол: «Ресейдегі кейбір адамдар мешіт, медресе және тағы басқа ғимараттар салуға ақша жұмсайды. Бірақ оны аяқтап біткеннен кейін, не ғалым, не маман шықпайды, тек молда шығады. Бос үй салғанша, сол орындарда халыққа жақсы тәрбие, орта және жоғары білім берген әлдеқайда пайдалы» - деп жазды [10, 35 б].

Көптеген зерттеушілер XX ғасырдың басындағы қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі түркі халықтарының жәдидизм қозғалысын Алаш партиясы қайраткерлері жетекшілік еткен ұлттық-азаттық қозғалыспен салыстырады. Солардың ішінде қазіргі зерттеуші Н. Нұртазина батыстық бірқатар ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, «Алаш» қозғалысын мұсылман жәдид қозғалысының ұлттық нұсқасы ретінде қарастырғанымен, өз пікіріне өзі қайшы келіп, «жәдид ойшылдарының» әрекеттерін реформаторлық қозғалысқа жатқызбады [19, 74 б]. Автордың айтуынша, сол кезеңдегі қазақ баспасөзінде «жәдид» термині кездескенімен, «Қазақстан тарихындағы ағартушылық қозғалыс өкілдерін жиі жәдид деп атаған жоқ», олар өздерін «оқығандар», «жаңашылдар», «интеллигенттер» деп санаған. Алайда бұл «жәдид қозғалысының» мәнін өзгертпейді, өйткені Египет пен Түркиядан бастап Бұхара мен Қазақстанға дейінгі мұсылман дүниесі «жаңару қозғалысы» ретінде отаршыл саясатқа қарсы бағытталған құбылыс ретінде қабылдануы тиіс.

Қорытындылай келе, XIX-XX ғасырлар тоғысындағы медреселер мен жәдидтік мектептер қазақ қоғамының рухани және интеллектуалдық жаңғыруының басты тетігі болды. Жәдидтер дәстүрлі діни оқытуды сақтай отырып, ғылым мен білімді заманауи әдістермен ұштастырып, қазақ жастарына жаңа дүниетаным қалыптастырды. Татар зиялыларының ықпалы мен қазақ ағартушыларының еңбегі нәтижесінде ұлттық тілдегі оқулықтар жазылып, білім беру мазмұны жаңарып, қоғамда ұлттық сана күшейді. Бұл қозғалыс қазақ халқының отарлық жағдайда да мәдени тұтастығын, білімге ұмтылысын және заман талабына сай даму қабілетін сақтап қалуына мүмкіндік берді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қуандық, Е.С. XIV және XX-шы ғасырлар аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар: Оқу құралы. - 2-бас., толықт. - Алматы: Дәуір, 2015. - 600 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. 3-т. - Алматы: Атамұра, 2002. - 768 б.
3. Қалкеева Қ.Р. Қазақстандағы білім және педагогика ғылымының тарихы: Оқулық. - Алматы: ССК, 2018. - 328 б.
4. Қартбаева Е.Т. Жәдидшілдік - XIX-XX ғасырлар межесіндегі Исламды модернизациялау жолындағы қозғалыс // Journal of history. - №3 (94). 2019. - 72-78 б. [Электрондық ресурс] <https://bulletin-history.kaznu.kz>
5. Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. - Berkeley; Los Angeles: University of California Press, 1998. P. 298-230.
6. Мұқанов С.. Таңдамалы шығармалар: 16 томдық. 10-т., 2-кітап: Өмір мектебі. - Алматы: Жазушы, 1976. - 520 б.
7. Hitchins K., Jadidizm // Encyclopaedia Iranica, - 2012. - P. 339-346. [Электрондық ресурс] [https://www.iranicaonline.org/articles/education-xxviii-in-tajikistan/?utm\\_source](https://www.iranicaonline.org/articles/education-xxviii-in-tajikistan/?utm_source)
8. Abzhalov S.U. An Analysis of Contribution of Jadid Movement in Modernisation and Reform of Education in Central Asia // Adam Alemi. - 2024. - P. 129-142.
9. Habib B. Education in Tajikistan // Encyclopaedia Iranica. - 2013. - P. 241-245.
10. Жолсейітова М.А. Қазақстандағы жәдидтік қозғалыстағы қазақ интеллигенциясы қызметінің кейбір аспектілері // Bulletin of history. - 2021. - P. 28-38.
11. Насибуллина Н.Ш. Становление и развитие системы образования мусульман Стерлибашевского края (1720- 1920) // Сборник материалов: просветительское движение у Тюркских народов и творчество Абая. - Казань. - 215-220 с. [Электрондық ресурс] <https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1764274134&tld=kz&lang=ru&name=Конференция-Абай-175.pdf&text=1>

12. Табышалиева А. Вера в Туркестане: очерк истории религий Средней Азии и Казахстана. - Бишкек: Аз-мак, 1993. - 162 с.
13. Жолсейітова М.А. Отарлық билік контексіндегі мұсылмандық білім беру жүйесі: саяси стратегиялар мен идеологиялық дискурстың ғылыми талдауы // Asian Journal “Steppe Panorama”. - 2025. - P. 442-455.
14. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, Қарасөздер, Көсемсөздер - Алматы: Жазушы, 1991, - 192 б.
15. Каримов М.А. Медресе «Галия» и ее роль в развитии просвещения в Казахстане // Просветительское движение у тюркских народов и творчество Абая. -Казань. 156-158 с. [Электрондық ресурс] <https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1764274134&tld=kz&lang=ru&name=Конференция-Абай-175.pdf&text=1>
16. Климович Л.И. Ислам в царской России. - М.: «Безбожник», 1936. 405 с.
17. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағарту жөніндегі еңбектері). - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
18. Дулатов М.. Оян Қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. - Алматы: Атамұра, 2003. -192 б.
19. Nurtazina N.D. The peoples of Turkestan: Problems of Islam, integration, modernization and decolonization (at the turn of the XIX-XX centuries). - Almaty: Qazaq universiteti, 2008. - 166 с.

## **АҚМОЛА ӨНІРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ДАЛА АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ТАРИХИ ДИНАМИКАСЫ (XIX-XX ҒҒ.)**

**Кенжебек С.Қ.**

Ғылыми жетекшісі: PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

[saulekzhib@mail.ru](mailto:saulekzhib@mail.ru)

Астана қ.

Ақмола облысы - Қазақстан аумағындағы маңызды тарихи-әкімшілік бірлік, оның қалыптасу және даму кезеңдері бірнеше тарихи дәуірлерді қамтиды. Алғашқы мәрте Ақмола облысы Ресей империясының әкімшілік-территориялық жүйесінде 1868-1919 жылдар аралығында жеке аймақ ретінде өмір сүрді. Облыс 1868 жылдың 21 қазанында «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының дала облыстарын басқару туралы Уақытша ережеге» сәйкес құрылып, оның орталығы Омск қаласы болды. XIX ғасырдың соңында Ақмола облысы Ресей империясының Орта Азиядағы ең ауқымды аумақтарының бірі саналды. Әкімшілік жағынан облыс бес округке (1898 жылдан бастап - уездерге) бөлінді, олардың әрқайсысы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында маңызды рөл атқарды. 1919 жылы Ақмола облысы таратылып, оның аумағы Омбы губерниясына енгізілді. Кейінірек, 1939 жылғы 14 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен облыс қайта құрылды. 1960 жылы облыс Целинный край құрамына енгізіліп, 1961 жылы оның орталығы Ақмолинск қаласы Целиноград деп өзгертілді. Осы жылы 14 ауданнан тұратын жаңа Целиноград облысы құрылды. 1965 жылы Целинный край таратылып, облыс тікелей Қазақ КСР құрамына өтті. Тәуелсіздік жылдарындағы қайта атаулар нәтижесінде 1992 жылы Целиноград қаласы Ақмола деп өзгертілді, ал облыс атауы да Ақмола облысы болып бекітілді. 1998 жылы облыс орталығы ретінде Астана белгіленсе, 1999 жылдың 10 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысының үш оңтүстік ауданы (Зеренді, Шортанды, Еңбекшілдер) және Көкшетау, Щучинск, Степняк қалалары Ақмола облысына беріліп, өңірдің қазіргі әкімшілік-аумақтық келбеті қалыптасты [1, 47-50 б.]. Бүгінгі таңда Ақмола облысы тарихи қалыптасуы күрделі, бірнеше мәрте қайта ұйымдастырылған, Қазақстанның орталық өңіріндегі әкімшілік, экономикалық және мәдени маңызы зор аймақтардың бірі. Облыс стратегиялық орналасуы, дамыған инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің әртүрлі салаларының интеграциясы арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, облыс тарихи-мәдени ескерткіштерге, этнографиялық мұраларға бай, бұл оның ғылыми-зерттеу және туристік әлеуетін арттырады.

Осы зерттеуде Ақмола облысының тарихи-әкімшілік дамуын талдау үшін тарихи-архивтік әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс өңірдің құрылу кезеңдерін, әкімшілік бөлінуін, жер-су атаулары мен топонимдердің өзгеруін тарихи құжаттар мен архив материалдары арқылы зерделеуге мүмкіндік береді.